

**Қазақстан Республикасы**  
**Жоғарғы сот төрағасы**  
**Ж.Асанов мырзаға**

Алғыс хат

Мен Жамангараев Кенжехан Досыбекович Шымкент қаласы Аль-Фараби аудандық аумақтық сот орындаушысы Тойшыбеова А.Ж заңсыз шығарған қаулысына сәйкес Аль-Фараби аудандық сотына шағым түсірген болатынымын. Оған себеп менің жұбайым Садвакасова Ш.Ш және Дауленбаев А.Т тең жарғылық үлесте «Бозінген-А» ЖШС құрған болатын, жарғыға сәйкес түйе шаруашылығын дамыту үшін ОҚО. Сайрам ауданы әкімінің 2003 жылғы 15 шілдедегі №504 шешімімен 200 га жайылым 205 га шабындық жер тәлімі бөлінген болатын. Алайда түрлі себептермен шаруашылық жүрмей тұрып қалды, сол себепті арман қарай шабындық жерге егін егумен Дауленбаев А.Т жеке өзі айналысып келді. Менің жұбайым серіктестік табысынан еш қандай үлес алған емес. Серіктестікті ары қарай өз басқаруыма алуыма байланысты 28.12.2018 жылы Дауленбаевтан 50% жарғылық үлесін мен сатып алдым. Сол жылы серіктестікті тіркеуге берген уақытта «Бозінген –А » ЖШС іс әрекет етпейтін тұлға деп арызымды кері қайтарды. Содан бұл тірлікті Кірістер басқармасында реттеп іс-әрекет ететін тұлға деп анықтама алып Әділет басқармасына қайта арыз бергенімде Дауленбаев А.Т басқаратын бірнеше ЖШС , атап айтқанда Ақмаржан-2030 ЖШС мемлекетке 81178413 теңге салық төлемегені үшін оның іс әрекет жасауына шектеу қойғанына байланысты оның басқаруында болған тағы да «АО Шымкентмай Элдос» , «Шаруа-34» серіктестігіне қоса іс әрекет етпейтін тұлға Кірістер басқармасында тіркеуде болсада «Бозінген -А» ЖШС де шектеу тізіміне қосып жібергені анықталды. Бұл сұрақпен сот орындаушы А.Тойшыбековаға шағым түсірген болатынымын, алайда сот орындаушы менің шағымымды қанағаттандырмады. Мен Жамангараев К.Д «Бозінген-А» ЖШС әділет басқармасына тіркей алмаған соң Аль-Фараби аудандық сотына шағым түсірдім, істі қараған аудандық соттың судьясы Жумадилова Р.Ш сот отырысының хатшысы Батырова П.А ханымдарға түсті. Істі қарау барысында менің арыз жазу барысындағы кемшіліктерімді түсіндіріп арызды қайта жазғызып істің оң шешілуіне адами тұрғыдан түсіністікпен қарап істі оң шешіп бергеніне өте разы болып өзімнің қажы ата ретінде алғысымды білдіргім келіп отыр. Сот онлайн режимде өткендіктен бұл қыздарымның түрлерін де анықтап көре алмадым. Бұл қыздарға менің айтар алғысым өркендерің өссін, ұрпақтарың ақыл ойлы парасатты болып ырзықты несібелі болсын деймін. Аман есен болып қосақтарыңмен қоса ағарып абыроймен зейнетке шығып қажы ат –әже атануларыңа тілектеспін. Бұл іс оң шешімін таппаған жағдайда менде шаршап қоятын едім. Рахмет қыздарыма. Мен ойлаймын осы қыздарымның халықтың арыз шағымына асты үсті қарамай әділ шешім шығаруына, бұл қыздарымды дұрыс тәлім тәрбие беріп өсірген ата анасына үлкен рахмет. Алла ол кісілерден разы болғай. Тағы да айта кететін жайт бұл кісілерге дұрыс бағдар беріп отырған жоғарғы басшылары оның ішінде Жакып мырза сіздіңде үлкен үлесіңіз бар деп ойлаймын. Сондықтан осы алғыс сізге де қатысты қадірлі інім.

Ізгі тілекпен Жамангараев Кенжехан Досыбекович 75 жастағы қажы аған.  
14.03.2021ж